

Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыздағы № 86 "Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2014 жылғы 16 шілдедегі № 236 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 тамызда № 3985 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 229 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 24.06.2015 № 229 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2013жылғы 14 тамыздағы № 249 "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жөніндегі қағиданы бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 наурыздағы № 86 "Мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3863 болып тіркелген, "Ақтөбе", "Актюбинский вестник" газеттерінде 2014 жылғы 13 мамырда жарияланған) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде: мына мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламентінің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы қызмет берушінің интернет-ресурсында о р н а л а с т ы р ы л а д ы . " ;

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын; жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Мал шаруашылығы өнімдерінің

өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде :

7-тармақта "қосымшасына" деген сөздің алдына "1-" деген санмен толықтырылсын ;

регламенттің қосымшасында "қосымша" деген сөздің алдына "1-" деген санмен толықтырылсын ;

мына мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылады ." ;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын;

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде :

7-тармақта "қосымшасына" деген сөздің алдына "1-" деген санмен толықтырылсын ;

регламенттің қосымшасында "қосымша" деген сөздің алдына "1-" деген санмен толықтырылсын ;

мына мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) ретін, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы қызмет берушінің интернет-ресурсында орналастырылады ." ;


осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


Ақтөбе облысы әкімдігінің
 2014 жылғы 28 наурыздағы
 № 86 қаулысына
 4 - қ о с ы м ш а
 Ақтөбе облысы әкімдігінің
 2014 жылғы 16 шілдедегі № 236
 қаулысына 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Ақтөбе облысы әкімдігінің
 2014 жылғы 28 наурыздағы
 № 86 қаулысына
 2 - қ о с ы м ш а
 Ақтөбе облысы әкімдігінің
 2014 жылғы 16 шілдедегі
 № 236 қаулысына
 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Ақтөбе облысы әкімдігінің
2014 жылғы 28 наурыздағы
№ 86 қаулысына
2 - қ о с ы м ш а
Ақтөбе облысы әкімдігінің
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 236 қаулысына
3-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы

